| | | патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. |
| | Музыка | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>Музыка тыңдау.<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің |

| | | |
|---|---|---|
| | | қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>П.Чайковский «Қаңтар»; А.Вивальди "Қыс" концерті; С. Майкапар «Вальс»; Ақан сері «Қараторғай».<br>Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>Ә. Бейсеуов «Аппақ әлем»; Д. Мацуцин «Зырлайды шанамыз»; Ә. Бейсеуов «Ақ тиін жыры»; Р. Байқоңыров «Сауысқан».<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Е.Тиличеева «Жылқы адымы», «Ах вы, сени» орыс халық әуені; «Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасы; Р. Глиэр «Байсалды қолдар», "Ламбада".<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>"Жоғарғы және төменгі дыбысты тап", "Сылдырмақ пен даңғара", "Жіп орау", "Түлкі мен қаздар" музыкалық-дидактикалық ойындары.<br>Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>Би шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>Брэдбери Рей аудиошығармасы «Суық және жылы жел» - металлофонда ойнау; В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын қоңырауларда ойнау;  «Калинка» әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау.<br>Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. |

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Дин-Асыл»б/б
Топ: мектепалды топ «Балбөбек»
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): ақпан, 2025-2026 оқу жылы

| Айы | Ұйымдасты-рылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | Дене тәрбиесі | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>Негізгі қимылдар.<br>Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).<br>Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.<br>Спорттық ойындар.<br>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br>Қимылды ойындар. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. |
| | | |
| | Тіл дамыту | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді |

| | | |
|---|---|---|
| | | реттеу.<br>Сөздік қор<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Байланыстырып сөйлеу<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. |
| | Көркем әдебиет | - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. |
| | Қазақ тілі | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | Сауат ашу негіздері | - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. |
| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>Жиын.<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, |

| | | |
|---|---|---|
| | | жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Сан және санау.<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>Шама.<br>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;<br>- дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Бала, оның отбасы, үйі.<br>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>Көлік, байланыс құралдары.<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Еңбекке баулу.<br>Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. |
| | Сурет салу | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.<br>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). |
| | Мүсіндеу | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. |
| | Жапсыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. |
| | Музыка | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық,<br>халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>Музыка тыңдау.<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>«Ақсақ құлан» қазақ халық әуені; халық күйі «Келіншек»; Б. Бейсенова «Жол ережесі тәртібі»; Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш».<br>Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>С. Әубәкіров «Ақ лақ»; Д. Ботбаев «Комбайыншы боламын»; И. Сапарбаев «Ойыншықтар»; Ә. Бейсеуов «Біз шадыман баламыз».<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>С. Прокофьев «Марш», «Ақсақ құлан» қазақ халық әуені; В.Тюльканов «Марш», Г. Абдрахманова «Сәлемдесу жаттығуы»; Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш», Ө. Байділдаев «Көңілді би»; Е. Тиличеева «Марш», М. Старокадомский «Қысқы би».<br>«Менің балапандарым қайда?», «Қандай ырғақ?», «До – ре – ми», «Bells» музыкалық-дидактикалық ойындары.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>Би шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>«Ай жарқырап тұр» әуенін сылдырауықтарда ойнау; Д. Кабалевскийдің «Труба мен дабыл» шығармасына сай дабылдар; «Қамажай» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау.<br>Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. |

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Дин-Асыл»б/б
Топ: мектепалды топ «Балбөбек»
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): наурыз, 2025-2026 оқу жылы

| Айы | Ұйымдасты-рылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | Дене тәрбиесі | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).<br>Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Спорттық ойындар.<br>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>Қимылды ойындар. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. |
| | | |
| | Тіл дамыту | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық |

| | | |
|---|---|---|
| | | жаттығулар жасау.<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>Сөздік қор<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>Байланыстырып сөйлеу<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. |
| | Көркем әдебиет | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. |
| | Қазақ тілі | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.<br>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп).<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор.<br>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| | Сауат ашу негіздері | - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>Жиын.<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Сан және санау.<br>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>Шама.<br>Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоршаған әлеммен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;<br>- дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Бала, оның отбасы, үйі.<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>Көлік, байланыс құралдары.<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Еңбекке баулу.<br>Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні) белсенді қатысу.<br>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру.<br>Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды.<br>Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. |
| | Сурет салу | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. |
| | Мүсіндеу | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. |
| | Жапсыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қағаздан құрастыру.<br>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. |
| | Музыка | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық,<br>халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.<br>Ә. Бейсеуов «Көктем»; Жаяу Мұса «Ақ сиса»; Б. Бейсенова «Тұсау кесер»;халық әні «Домбыра».<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Б. Бейсенова «Анажаным»; Б.Бейсенова «Ауылымды сағындым»; Н. Тілендиев «Бесік жыры»; Б.Бейсенова "Қасиетті домбыра".<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Е.Тиличеева «Жылқы адымы», «Ах вы, сени» әуені; «Қара жорға» қазақ халық биі.<br>"Жіп орау", "Ән салған кім?", "Қандай ырғақ?", "Өз аспабыңды тап" музыкалық-дидактикалық ойындары.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.<br>Би шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.<br>«Айгөлек» қазақ халық әуенін қоңыраулар аспабында ойнау; Б. Бейсенова «Наурыз көктем» әнін даңғара аспабында ойнау. |

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Дин-Асыл»б/б
Топ: мектепалды топ «Балбөбек»
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): сәуір, 2025-2026 оқу жылы

| Айы | Ұйымдасты-рылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. (дене тәрбиесі) | тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. (дене тәрбиесі) | тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. (дене тәрбиесі) | тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. (дене тәрбиесі) | аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. (дене тәрбиесі) |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Ас - адамның арқауы.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Арпа-бидай ас екен,<br>Алтын-күміс тас екен<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досыңдай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Асты-шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Ақырын алып қолыңа,<br>Шашпай же нанды да.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тамақ ішер кезде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекет) | | | | Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Аналар мектебі": Балалар кітапханасы: Отан туралы: қазақстандық ақындардың Отан туралы өлеңдерін оқу; туған өлке туралы фотосуреттер альбомын даярлау.<br>"Күй күмбірі": "Көктөбе" (Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-i<br>«Өнегелі»: Туған өлке және дәстүрлер. Тақырыбы: «Менің туған өлкем». Мақсаты: өз өлкесіне, оның дәстүрлері мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты дамыту. | | | | |
| | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) | "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) | "Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) | "Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратудыүйрету; зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыспен танысайық" Міндеттері. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру.<br>Қазақ тілі "Дауысты дыбыстар. | Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыстар". Міндеттері. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігі туралы түсініктерді бекіту.<br>Математика негіздері "Саябақтағы жапырақтарды кім санап көрді?". | Математика негіздері "Саябақтағы жапырақтарды кім санап көрді? (Бекіту)" Объектілер топтарының санын салыстыру, олардың теңдігі мен теңсіздігін анықтау білігін бекіту. Балалардың геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту, негізгі белгілері бойынша дұрыс | Математика негіздері "Сайқымазақтарды кім санапты?" Міндеттері. Балалардың ұғымында «үш» саны туралы түсінік қалыптастыру; «үш» жиын санының екі ең кіші қосымшалары «бір» мен «екіден» құрылатындығы жайлы түсініктерін дамыту; жылдам санауға жаттықтыру; логикалық ойлау, еске сақтау, көру | Сауат ашу негіздері "Дауыссыз дыбыспен танысайық". Міндеттері. Дыбыс туралы түсінік беру, дауыссыз дыбыстың ерекшелігі туралы түсініктерді беру.<br>Құрастыру "Қаңқыз" Міндеттер. Балаларды қағаздан құрастырудың түрлі әдістерін қолдана отырып, жапырақтың үстінде қозғалып тұрған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жуан және жіңішке дыбыстар". Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажыратуды үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту; сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау және артикуляциялық аппаратын дамыту; білуге құштарлықтарын арттыру; балаларды ұқыпты, таза, көркем жазуға дағдыландыру. Дене тәрбиесі "Сапқа тұр". Мақсат-міндеттері. Балаларға гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуді үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру | Мақсат-міндеттері. Балаларға сопақша мен үшбұрыш геометриялық бұрыштарын дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауды үйрету; «үш» жиын санының екі ең кіші қосындылары «бір» мен «екіден» құрылатыны жайлы түсінігін дамыту. Музыка "Ана тілім". Мақсат-міндеттері. Балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру. Тіл дамыту "Рәміздер - ұлттық құндылық" Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекетінің рәміздері туралы түсіндіру. Тіл байлықтарын дамыту. Қазақстанның жері мен қалаларын таныстыру. Мемлекетік рәміздерімізді | ажыратуды; «үш» санының құрамы туралы түсінікті дамыту. Қазақ тілі "Менің Отаным - Қазақстан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы Қазақстан Республикасының рәміздері, отан туралы түсініктерін кеңейту, Қазақстанның табиғи байлықтарын насихаттау; І әрпімен таныстыру, дыбысталу ерекшелігіне бейімдеу; Қазақстан жайлы өлеңдермен, отан туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; балаларды Мемлекеттік Елтаңба мен Тудың бейнесіндегі ерекшеліктерді ажыратуды және еске сақтауды үйрету; зат есім мен сын есім бар сөз тіркестерін құрастыру, оларды түрлендіріп қолдануға дағдыландыру; балаларды отансүйгіштікке, | қабілеттерін дамыту. Тіл дамыту "Рәміздер - ұлттық құндылық", пысықтау. Міндетер. Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекетінің рәміздері туралы түсіндіру. Тіл байлықтарын дамыту. Қазақстанның жері мен қалаларын таныстыру. Мемлекетік рәміздерімізді құрметтеуге, елімізді сүюге және қорғауға тәрбиелеу. Музыка "Көңілді ноталар". Мақсат-міндеттері. Балаларға тіл туралы әнді қызыға айтуды үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру "Елімнің байлығы - тұз". Мақсат-міндеттері. Балаларды өлі табиғаттың компоненттерімен және қасиеттерімен таныстыру; тұздың өмір үшін маңыздылығымен таныстыру; өздігінен тәжірибе жасауға қызығушылықтарын арттыру. | қанқызды жасауды үйрету; қанқызды жасау барысында қайшымен жұмыс істеу іскерлігін дамыту; шеңберді тең ортасынан қайшымен қиып, фломастермен қара дақтарды салу іскерліктерін жетілдіру; қағаз туралы білімдерін жетілдіре отырып, жәндіктердің күз маусымындағы тіршілігін пысықтау; табиғат әлеміне сүйіспеншіліктерін ояту; бір орында жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Дене тәрбиесі "Кел, күш сынасайық". Міндеттері. Балаларға заттардан аттап өту; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен "жыланша" ирелеңдеп жүгіру; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатуды үйрету. Көркем әдебиет "Нәсіреддин Сералиевтің «Тәртіпсіз лақ» шығармасы бойынша әңгімелесу" Балаларды Нәсіреддин Сералиевтің «Тәртіпсіз лақ» әңгімесімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қазақстанның қазба байлықтары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасының жер көлемі және елімізде өндірілетін қазба байлықтардың қай жерден шығатыны туралы білім беру. | құрметтеуге, елімізді сүюге және қорғауға тәрбиелеу. | бірлікке тәрбиелеу.<br>Дене тәрбиесі<br>"Жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өту".<br>Міндеттері. Балаларды баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру; жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өтуді үйрету.<br>Көркем әдебиет<br>"Ана тілім - байлығым".<br>Міндеттері. Біздің мемлекетік тіліміз - ана тілі және әр ұлттың өз тілі болатынына түсінік беру. | | таныстыру; балаларға түбір сөздер мен туынды сөздердің мағыналық байланысын көрсету; өз ойларын еркін жеткізуге баулу; ойларын дәлелдеу білігін дамыту; мағынасы қарама-қарсы сөздерді қолдануға машықтандыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру; жануарларға қамқорлық жасауға баулу, адамгершілікке тәрбиелеу, кітапқа құштарлықтарын қолдау. |
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | "Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын дамыту; гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру: ережені, тазалықты, әдептілікті сақтау. (өзіне-өзі қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяққиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяққиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяққиімді таза ұстауға баулу;<br>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; ""дұрыс"" не ""дұрыс емес"" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу." | | | | |
| **Серуен** | Қауіпсіздік.<br>Көліктерді бақылау. | Құстарды бақылау. (экологиялық тәрбие, | Желді бақылау. (экологиялық тәрбие, | Жапырақтың түсуін бақылау. (экологиялық | Күзгі ауа райын бақылау. (экологиялық тәрбие, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуді үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге ұмтылысын қалыптастыру.<br>Оразақын Асқар «Машина»<br>Машина істе – серігің,<br>Жолға шықсаң – көлігің.<br>Айта қойшы, сен, інім,<br>Шығаратын оны кім?<br>Тас қорытып домнада<br>Металл құйса құрышшы,<br>Машинаны заводта<br>Жасар іскер жұмысшы.<br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге (контейнерге) жинау. | қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың күз мезгіліндегі аула (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; маусымдық өзгерістердегі себеп-салдардық байланыстарды байқауға үйрету; күзде кейбір құстардың (қарлығаш, көкек, бұлбұл) болмауы туралы білімдерін бекіту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік. Табиғатта (объектілерді) бақылауда қарапайым тәртіп ережелерін сақтауға үйрету.<br>Педагог балаларға ойын аланы маңына ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонына жазылған | қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлі табиғат түрі, жел, туралы түсініктерді кеңейту; желдің күшін анықтауды үйренуді жалғастыру; балалардың ұғымындағы жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>Балаларға учаскідегі желді байқауды ұсыну; желдің бар екендігін дәлелдеуді ұсыну.<br>Жаз мезгіліндегі жел мен күгзі желдің сипаттарын салыстыруды ұсыну: күші, температурасы, соғу бағыты.<br>Қалижан Бекхожин "Жел жамылып, түн қатқан".<br>Жел жамылып, түн қатқан<br>Жылқышымын жау жүрек.<br>Алдаспаным — ақ сойыл,<br>Астымда — атым қара көк.<br>«Өнегелі тәрбие». | тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, күз мезгіліне тән себеп-салдардық байланыстарды түсінуге мүмкіндік жасау; өлі табиғат пен тірі табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>Х. Тағаров «Алтын күз»<br>Дәнге толып қызыл қырман,<br>Қырман басы қызыл думан.<br>Мөлдіретіп жүзімдерін,<br>Келді алтын күзім менің.<br>Молшылық күз – береке күз,<br>Береке күз – мереке күз.<br>Зерттеу.<br>Бірден құлап түскен жапырақтарды табу; жан-жаққа тербеліп ақырын ұшатын жапырақтарды табу; бұтақтарға жабысып ұшатын жапырақтарды табу; түскен жапырақтардан асфальтқа өрнек салу.<br>«Өнегелі тәрбие». | қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы әңгімелеу; өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту.<br>Балаларға жан-жағына қарап, айналаны бақылап, күздегі және бүгінгі ауа райының күйі туралы айтуды ұсыну.<br>"М. Әлімбаев "Күз келді".<br>Сарғайған тоғай,<br>Сап-сары маңай.<br>Соңғы әнін айтып,<br>Құс кетті қайтып.<br><br>Айнала жым-жырт,<br>Көк аспан сұрғылт.<br>жер жыртқан тыңда<br>Трактор қырда.<br><br>Жапырақ ұшты,<br>Суық та түсті.<br>Сонда да бізге,<br>Қызық көп күзде.<br>Балалаларға тыңдалған тақпақтағы қандай сипаттамалар көзбен көрген құбылыстарға сай екенін табуды ұсыну.<br>«Өнегелі тәрбие». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеу қабілетін бекіту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>«Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы | құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.<br>Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br>***<br>Торғай - шырылдайды.<br>Қарға - қарқылдайды.<br>Сауысқан - шықылықтайды.<br>Бөдене - бытпылдайды.<br>Бұлбұл - сайрайды.<br>Педагог тақпақтағы құстардың қайсылары неліктен жоқ болғанын сұрап, қарапайы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Экология. Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен | Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рақат алуды үйретуді жалғастыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>«Үшінші артық» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған | Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты тазартуға сыпырушыға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>"Қарақұс пен балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды.<br>«Допты ұста» қмылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: | Экология. Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен таныстыру; үнемділікке баулу.<br>"Тым-тырақай" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады.<br>Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады.<br>«Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау.<br>Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады.<br>Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала | таныстыру; үнемділікке баулу.<br>"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қимылды ойындарға қызығушылығын дамыту, ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; ойынды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу, физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік), реакциясын, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу; достыққа, адалдыққа тәрбиелеу.<br>"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ | баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балалардың затты ( доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; | балалардың зейінін, шапшаңдығын, көзбен мөлшерлеп-қимыл жасау үйлесімділігін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға үш бала қатысады. Екі ойыншы бір-біріне қарама-қарсы 3–4 метр қашықтықта тұрады да, бір-біріне доп лақтырады. Үшінші бала олардың ортасында тұрып, допты қағып алуға немесе қолымен ұстауға тырысады. Егер ол допты ұстап алса немесе қолымен тигізсе, допты лақтырған ойыншымен орын ауыстырады.<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді).<br>Күрделенуі: 1) | бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.<br>"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: үш-төрт шеңбер.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санамақпен таңдалады.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балалардың затты ( доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене тәрбиесі)<br>Орыннан екі аяқпен секіру.<br>Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты дамыту. | халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: асықтар, шеңбер.<br>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту.<br>Мақсаты: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту. | ережелерді орындай білу қабілетін дамыту.<br>"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге жаттықтыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: доппен жаттығу.<br>Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап жерге лақтыруды жалғастыру. (дене тәрбиесі) | сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі) | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды, жеке тарақты жеке гигиена заттарын пайдалану; қажеттілігін түсінуге мүмкіндіктер жасау; гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Судың сұрауы бар". (қазақ мәтелі) | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Ас - адамның арқауы.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Арпа-бидай ас екен,<br>Алтын-күміс тас екен<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досыңдай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Асты-шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Ақырын алып қолыңа,<br>Шашпай же нанды да.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тамақ ішер кезде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Ат пен есек» ертегісін оқып беру.<br>(көркем әдебиет) | Өз төсектерін салуды біледі.<br>Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>(музыка) | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>(музыка) | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>(музыка) | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.<br>«Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру.<br>(қатынас іс-әрекеті) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды ақырын сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>Көркемсөз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын.<br>(дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Вариативті компонент - Ағылшын тілі "Numbers 6-10. How many? Letter Cc"<br>Міндеттер: “six, seven, eight, nine, ten ” лексикалық бірліктерін беру және Cc әрпімен таныстыру. "How many?" фразаларымен таныстыра отырып, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың адамның не істейтіні, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту және жүйелеу.<br>Ойын барысы.<br>Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны | Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Табиғи қорық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылықпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, | Дидактикалық ойын.<br>"Бұл қай мезгілде болады?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын және жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет.<br>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- | Дамытушы ойын.<br>"Сынық телефон"<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке отырады.<br>Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады.<br>Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді.<br>Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі | Вариативті компонент.<br>Жас зерттеуші<br>"Алтын күз"<br>Міндеттер: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу.<br>Сөздік жаттығу.<br>"Жаңа сөзді құрастырайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, олардың қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады. Ал үйлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. Тәрбиеші балаларға: «Адам қандай заттарды жасаған?» сұрағын қояды. Ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (допты лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?» Ойын барысында тәрбиеші балаларға жақсы өмір сүру адамзаттың табиғатты пайдаланатыны, орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны | сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br>"Менің көңіл-күйім қандай?" жаттығуы. (қарым-қатынас, зерттеу іс-әрекеті)<br>Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу қабілетін дамыту; салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру; эмпатиялық қасиеттерді дамыту, салауатты қарым-қатынастар ортасын құру.<br>Балалардың көңіл күйін құрдастары арасына келген кезде сұрату.<br>Жаттығудың тағы бір нұсқасы. Белгілі мультфильмнің (шығарманың) желісін, көргеннен (оқылғаннан) кейін алған әсерлерін талқылау. | әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім | ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды.<br>Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады.<br>Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды.<br>Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп сөзді бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар | көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка.<br>Шарты.<br>Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып атау керек.<br>- Жаңбыр - жаңбырлы.<br>- Шатыр - қолшатыр.<br>- Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс.<br>- Ай - Айжан, Айбол, Айнұр.<br>- Аяқ - аяқкиім, аяқтау.<br>- Шаш - шашбау.<br>- Көз - көзілдірік, Аякөз.<br>- Қап - қолғап; қаптау.<br>- Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары.<br>- Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)<br>Сюжетті-рөлдік ойын. «Телестудия» (қарым-қатынас, шығармашылық, танымдық, еңбек іс-әрекеттері)<br>Міндеттері: телевизия қызметкерлері туралы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы қысқа әңгіме өткізеді. "Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген тапсырманың жауабын жылдам табуды үйрету. Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Тапқыр, шапшаң болуды үйрету. | | үлгілері; ойыншық ноутбук. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) «Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру; әділетті ортада табысты даму амалдарымен таныстыру; шыншылдыққа, қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу. Ережелердің балалардың жайлы, қауіпсіз, әділетті өмір сүруіне қажетті екенін түсіндіру; кейбір ережелер сақталмаған жағдайлардың балалардың қауіпсіз, жайлы, денсаулыққа пайдалы әрекет етуіне кедергі болатынына көз | дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) | олардың мамандықтары мен еңбегі жайлы түсініктерін қалыптастыру; еңбек нәтижелерінің мазмұны, сипаты мен маңыздылығын түсіндіру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын, қиялын, коммуникативтік қабілеттерін дамыту; сөйлеу мәнері, мимика мен ым-ишараны көркем жеткізе білу қабілеттерін жетілдіру; топпен өзара әрекеттесу, келісу, өзгенің рөлін, пікірін құрметтеу дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жеткізу, балалармен талқылау.<br>Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы.<br>Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады.<br>Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану: балалардың әйгілі әнді бірігіп айту, бірігіп ойнау, көмекке мұқтажды қолдау, тағы басқа амалдарды өздігінен, бірігіп табуға жағдай жасау. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап»<br>Міндеттер: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйренеді.<br>(танымдық іс-әрекет) | М. Монтессори технологиясымен жұмыс.<br>Міндеттер: Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу.<br>(танымдық іс-әрекет) | Дидактикалық ойындар. "Геометриялық пішіндер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып айтуды үйрету.<br>Көрнекілік.<br>Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер | "Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойын.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде | "Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту.<br>Барысы.<br>Астана - еліміздің әдемі, үлкен қаласы. (танымдық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Зерттеу іс-әрекеті<br>Тақырыбы: Батады-батпайды<br>Міндеттер: Өлі табиғатқа деген көзқарастын, құбылыстары мен объектілерін экологияларық қалыпты жағдай жүйелеу және тереңдету. | салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып, педагогтің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс (ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек және тағы басқа). Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды.<br>Тапсырмалар:<br>а) дөңгелектерден біреуін артық етіп, ұшбұрыштарды қойыңдар (үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);<br>б) дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар (бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);<br>в) дәл осындай пішінді көрсетіңдер (дөңгелекті көрсетеді) және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіңдер.<br>Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) | байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) | іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды, жеке тарақты жеке гигиена заттарын пайдалану; қажеттілігін түсінуге мүмкіндіктер жасау; гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Судың сұрауы бар". (қазақ мәтелі) | | | | |
| **Серуен** | Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (қарым-қатынас, таным іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау барысында күзгі құбылыстар қасиеттерін анықтауға, желдің соғанын, жапырақтар түскенін ынталандыру.<br>Күзгі табиғаттың сұлулығын байқауды үйрету. Тілін дамыту.<br>Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде.<br>Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне | Бұталарды (қарақат, таңқурай, жұпаргүл, итмұрын) бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрлері, бұталарды ағаштардан ажырата білу қабілеттерін дамыту; өсімдіктерді жіктей білуді жетілдіру; бұталардың табиғаттағы маусымдық өзгерістеріне сай жапырақтарды тастайтынын байқатып, түйіндемелер жасауға ынталандыру; экологиялық білім негіздерін қалыптастыру.<br>Зерттеу. Үлкен әйнек арқылы жапырақтар бетін қарастыру.<br>Барлық жапырақтардың беттерінде тамырлары | Ауа райын бақылау. Күздің басы. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды (жапырақтардың түсуі) байқауға; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету; өсімдіктердің бұталар және ағаштарға жіктелуі туралы түсініктерді тиянақтау; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.<br>Қадыр Мырза Әлі «Күз».<br>Күз де келді, күз келді,<br>Күдерін жаз үзген-ді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Көкте бұлттар жүзді енді. | Бұлттарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрету.<br>Экологиялық міндет: экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды.<br>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту.<br>- Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады?<br>Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендер, теңіздер мен шалшықтардағы және басқа жердегі судың булануынан ауада | Ересектердің жұмысын бақылау. Курьер-жеткізуші (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің, курьер жеткізушінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсінуге, бағалай білуге және құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Курьер-жеткізуші - Жауапкер адам, еңбекші.<br>Мопед үстінде ме, жаяу ма,<br>Алысқа барса, таяуға ма,<br>Жаңбыр, күйік күн астында ма,<br>Қала ішінде, сыртта ма,<br>Уәдесінде үнемі тұрады,<br>Мұқтаж адамды қуантады,<br>Қажетті тағамды не затты аянбай<br>Уақытында жеткізеді, бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарауға тәрбиелеу.<br>Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру.<br>Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды.<br>Мұзафар Әлімбаев «Сары жапырақтар жауғанда».<br>Күзде жауын. Бұлт. Тұман.<br>Сары жапырақ жауады.<br>Сары құйын ұйытқыған<br>Сапырады ауаны.<br>Тапталады табанға,<br>Судыр-судыр жапырақ.<br>Өрттей сары бояуға<br>Малынғандай атырап.<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Еңбек әрекеті: жерге түскен, құрғақ жапырақтарын контейнерге жинау (қолғаптарды пайдалану).<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу; жұмыс істеу дағдыларын бекіту. | болғанын, сарғайғанын, қызарғанын күз мезгіліне байланысты екенін айту.<br>Бұта мен ағаш - өсімдіктер, тірі табиғат түрлері; күзде жапырақтарды жерге тастайды; суық кезеңге дайындалады.<br>Бұтаның ағаштан айырмашылығы - бір діндек болмай, сабақтардың жерден бірнеше болып өсуі.<br>Біріктіретін бірнеше сипаты бар: тамыры жер астында жасырынуда, жапырақтары желге шайқалуда.<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы тазарту. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Еңбек әрекеттерін орындауды; топта жұмыс істеуді үйрету; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. | Күз де келді, күз келді,<br>Құстар мекен іздеді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Қондырмады түзге елді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Керек оқу бізге енді.<br>Балаларға жаздың соңындағы және күзгі басындағы байқаған ауа-райының айырмашылығын табуды, атауды ұсыну.<br>«Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау.<br>Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады.<br>Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала | әрдайым су буы болатынын, бірақ біз оны көрмейтінімізді түсіндіріңіз. Бу аспанға көтерілгенде аспанда бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, барлық тамшылар бірге жиналып, үлке және ауыр болып жерге түседі, жаңбыр жауады.<br>Көркемсөз<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Экология. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жұмысты бірлесіп орындауға ұмтылысты дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі | айтқандай. (Д. Ахметова)<br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ересектерге бақшада өсетін бұталарға күтім жасауға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бірлесіп жұмыс істеу қабілеті мен тілегін қалыптастыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>«Үшінші артық» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойында зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Қу түлкі" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Өз еркімен ойындар. (дене тәрбиесі, қарым- | "Орман жолдары" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жағдайларға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты ( доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. Жалпы дамыту жаттығулары. Мақсат-міндеттері. Жалпы дамытушы жаттығуларға қызығушылықты сақтау. (дене тәрбиесі) | санамақпен таңдалады. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: серуенге шығарылған ойыншықтар мен жабдықтарды жинақтау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестікке, жауапкершілікке, тазалыққа баулу. Өз еркімен ойындар. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) | қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. | шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты ( доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатынас іс-әрекеті) | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) | | | | |
| | | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз.<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз ертемен,<br>Көңілді әуен сазымен,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дән саламын.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым- | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті-қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қатынас іс-әрекеті) | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>«Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Күз сыйы" тақырыбына әшекейлеу.<br>Балалар кітапханасы "Күз сыйы": күз туралы, адамның күз мезгіліндегі еңбегі туралы суреттерді көрсету, әңгімелер мен өлеңдердің оқу ( А. Құнанбаев, М. Төрежанов, М. Мақатаев), Қадыр Мырза Әли “Жеміс”.<br>"Күй күмбірі": "Қосбасар - Мүкей" (Мұрат Абылғазин) https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Отбасы және отбасылық құндылықтар. Тақырыбы: «Менің отбасым». Мақсаты: отбасы, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар туралы сөйлесу.<br>Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге, өз ісіне адал болуға баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) | | | | |
| | "Күз сыйы" тақырыбына әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет) | Жемістердің суреттерімен дидактикалық ойындар ойнау, сөздерді буынға бөлу. (танымдық іс-әрекет) | Көгөністердің пайдасы туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет) | "Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ұғымындағы туған жерлері туралы білімдерін бекіту, Отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарастырады. Педагог балаларға ойын ережелерін түсіндіреді, тұтас суретті бөлшектерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені есктеріне түсіреді.<br>Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді | Балаларда эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күн шуағын жинаймын.<br>Достарыма сыйлаймын.<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі<br>Барлық бала саяласын.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | таратады. Педагог ойынды "Бастаймыз!" сөзімен ашып береді. Балалар бөліктерден тұтас суреттерді құрастырады. Суретті бірінші құраған балаларға таңбалауыштар таратылады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) | |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | Сауат ашу негіздері<br>"[а] дыбысы"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысын таныстыру; сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты дыбысты анықтауға үйрету; сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>Қазақ тілі<br>"Жыл мезгілдері. Алтын күз. О, Ө дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға [-о], [-ө] дыбыстарын, О о және Ө ө әріптерін таныстыру; [-о], [-ө] дыбыстарының нақты | Сауат ашу негіздері<br>"[а] дыбысын қайталау"<br>Міндеттері. Балаларға [а] дыбысын қайталату; сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты дыбысты анықтауға үйрету; сөздерді буындарға бөлуге жаттықтыру; сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>Математика негіздері<br>"Қазақстанымды не үшін сүйемін?"<br>Міндеттері. Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету.<br>Музыка<br>"Менің балапандарым қайда?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы | Математика негіздері<br>"Мен өз Отаным – Қазақстанды не үшін жақсы көремін? (Бекіту)"<br>Балаларды сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, оларға тура және кері санауды үйрету. Өзіне және басқа объектіге қатысты оң және сол жақты ажырату біліктерін дамыту; әртүрлі орналасқан объектілердің жиынын көзбен қайта санау білігін, объектілер тобын ең кіші тең бөліктерге бөлу біліктерін пысықтау; зейін, логикалық ойлауды дамыту; ұқыптылыққа | Математика негіздері<br>"Астанаға саяхаттап барамыз"<br>Балаларға кеңістікті тараптарға бөлуді, ондағы орналасқан заттардың оң және сол жақта болуын ажыратуды үйрету. Заттарды сандық мөлшері бойынша салыстыру қабілеттерін жаттықтыру; сандардың орналасу тәртібін меңгерту; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру; зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау, көру қабілеттерін, қиялдарын дамыту; ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа, | Сауат ашу негіздері<br>"[н] дыбысын таныстыру"<br>Мақсат-міндеттері: [н] дыбысы бар сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға үйретуді пысықтау.<br>Мүсіндеу<br>"Күзгі жапырақтар"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін кеңейту, күзгі жапырақтар туралы мәлімет беру.<br>Дене тәрбиесі<br>"Бір орында екі аяқпен секіру".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында екі аяқты қосып, тұрған жерін айналып секіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | артикуляциялық қалпын қалыптастыру, анық естуге, ажыратуға ынталандыру, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-о], [-ө] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) табуды үйрету; ойын тиянақты жеткізуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Мейірімділікке, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Күзгі табиғатты сипаттап, күз айларын атауды үйрету. Табиғатты аялауға, сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br>Дене тәрбиесі<br>"Достарыңа көмектес".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; заттарды аттап жүгіру; заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) екі аяқпен секіруді пысықтау.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру | бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажыратуды үйрету.<br>Тіл дамыту<br>"Жемістер мен көгөністер".<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің байлықтарын түсіндіру. | тәрбиелеу, Отанға сүйіспеншілік таныту сезімін қалыптастыру.<br>Қазақ тілі<br>"Күз сыйлары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көгөністер туралы өлеңмен таныстыру; «күзгі егін» ұғымын дамытуды жалғастыру; көгөністер мен жемістер, геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтіндегі көгөністердің атауларын нақты айтқызу, көгөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыландыру; зияткерлік картамен жұмыс істеу кезінде қазақ тілінде көгөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құрастыруды үйрету.<br>Дене тәрбиесі<br>"Достарыңа көмектес" пысықтау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; заттарды аттап жүгіру; екі аяқты қосып заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) секіру дағдысын | отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Тіл дамыту<br>"Жемістер мен көгөністер" пысықтау.<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің байлығын түсіндіруді пысықтау.<br>Музыка<br>"Бауырсақ"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру<br>"Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғаттағы жыл мезгілдеріндегі маусымдық өзгерістер туралы ұғымдарын жетілдіру; табиғаттағы ауа райының жай-күйін бақылауды және табиғат күнтізбесіндегі бақылау нәтижелерін атап өтуді үйрету. | еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүруге дағдыландыру; ептілікке тәрбиелеу.<br>Көркем әдебиет<br>"Қадыр Мырза Әлидің "Жеміс" өлеңін жаттау"<br>Балаларды Қадыр Мырза Әлидің «Жеміс» өлеңімен таныстыра отырып, мазмұнын мәнерлеп жатқа айтуға дағдыландыру; шығарманы мәнерлеп оқу техникасын қалыптастыруды жалғастыру; тұрақты сөз тіркестерінің үлгілерін таныстыру; тыныс алу жүйесін, дыбыстық сөйлеу мәдениетін жетілдіру; ой-қиялды жетілдіру; адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қияр қалай өсіп шығады?". Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністердің өсіп шығуы туралы түсініктерін жетілдіру; бақшада жұмыс істеу түрлерімен таныстыру; қиярды өз қолымен өсіру іс-тәжірибелерін жасау арқылы қияр туралы ұғымдарын толықтыру; танымдық үрдістерін дамыту; бір-бірін мұқият тыңдап, қойылған сұраққа нақты және толық жауап бере білуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштікке баулу. | | пысықтау. Көркем әдебиет "Нұрлан Құмардың «Тәтті алма» әңгімесімен танысу" Балаларды Нұрлан Құмардың «Тәтті алма» әңгімесімен таныстырып, көркем шығарманы мұқият тыңдап, мазмұны бойынша толық жауап беруге дағдыландыру; әңгіме жанрының ерекшеліктерін, көркемдік құралдарын байқату; мақал-мәтелдердің мәнін түсінуге көмектесу, кез келген сәйкес жағдайларда қолдануға үйрету; ауыл шаруашылығы еңбегін, адамның барлық еңбек түрін құрметтеуге тәрбиелеу. | | |
| | | | | | |
| Серуенге дайындық | Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын дамыту: өздігінен, жүйелі түрде киімін шешіп (киіп), шкафтағы орнына орналастыра білуді қадағалау; киінуде құрдастарына көмекке келе білуді дамыту; жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу; гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру: ережені, тазалықты, әдептілікті сақтау. (өзіне-өзі қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>BilimKids дамытушы мультфильмі<br>Киюді үйрену<br>https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/12/uchimsya-odevatsya.mp4<br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Серуен | Күз мезгілінің басындағы ауа райын бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, күз мезгіліне тән себеп-салдардық байланыстарды түсінуге мүмкіндік жасау; өлі табиғат пен тірі табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>"Күз мезгілінің белгісін ата, болғанын дәлелде" зерттеу жаттығуы.<br>Міндеттері. Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды байқауға үйрету; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға және түсінуге ынталандыру.<br>Сәкен Сейфуллин "Күз".<br>Алтын күз бірде шуақ, бірде салқын,<br>Жер мен көк | Бақылау. "Көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбегі". (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Көгөніс өсірушілер мен бағбандар мамандарының көгөністер өсіру бойынша жұмыстардың жүйелілігі, техниканы пайдалану және олардың көгөніс өндірісіндегі рөлі туралы балалардың білімдерін нақтылау; бақшадағы жұмыстың мазмұны мен табиғаты туралы ойларын бекіту. Көгөністер мен жемістердің атауларын жинақтау, жалпылауды дұрыс қолдану («көгөністер», «жемістер»).<br>"Бақшаға не отырғызылып жатыр?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды белгілері бойынша (өсу орнына қарай, | Жапырақтардың жерге түсуін бақылау. Күзгі жапырақтарды қарастыру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсаты-міндеттері. Табиғат құбылыстары (маусым) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну; зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, салыстыру.<br>балалармен бірге жапырақтардың жерге түсуін бақылату, күзгі маусымға тән құбылыс деп түсінуге көмектесу; ұлпа арқылы жапырақтардың құрылымын қарастыру, ойларымен бөлісуге мүмкіндік беру.<br>Сәкен Сейфуллин (Алтын күз)<br>Алтын күз бірде шуақ, | Көгөніс бақшасындағы жұмысты бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуге ынталандыру. Адамның бақшадағы еңбегі туралы, "бақша" ұғымын бекіту; өсімдіктердің жіктелуі, сипаты туралы білімдерін тиянқтау.<br>Жұмбақтар.<br>1. Бақшада өседі, көп өнімдерін береді. (Көгөніс.)<br>2. Жер астында жез қазық,<br>Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз.)<br>3. Әр желінің асты толған көк қоян,<br>Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям. (Қияр.)<br>Эксперименттік іс-әрекет. "Бақша арамшөптен арылмаған жағдайда не болады?" (зерттеу іс-әрекеті) | Қауіпсіздік. Күнді, күн сәулесінің қозғалысын бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғаттың алуан түрлілігі, көкжиектер туралы түсініктерін кеңейту; қызығушылықты тәрбиелеу; табиғаттағы өзгерістер мен күннің позициясы арасындағы байланысты орнату қабілетін дамыту; күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызын түсінуге көмектесу.<br>Қауіпсіздік. Күнге тура қарамау қауісіздік ережесін бекіту; көк шыны, пленканы қолдануға үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай. (Күн.)<br>- Балалар, күн жоғары болған кезде өте ыстық болады. Таңертең және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалтыраған сап-сары алтын.<br>Ағашта жапырақтар сылдырлайды,<br>Мұқағали Мақатаев "Төгілген алтын теңге сансыз жалқын".<br>Сап-сары жапырақтар<br>Сап-сары жапырақтар…<br>Сал-сары жапырақтар…<br>Саудырап құлап жатыр атырапқа.<br>Біреудің жанарында,<br>Біреудің табанында,<br>Сап-сары жапырақтар жоғалуда.<br>Қаусаған қаңқасы тұр ағаштардың,<br>Жасыл бақ тоналуда, тоналуда.<br>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу | қолданылуына қарай) жіктеуге дағдыландыру, тез ойлауды, есту зейінін дамыту.<br>- Балалар, сендер бақшаға не отырғызатынын білесіңдер ме? Мен әртүрлі заттарды атаймын, сендер мұқият тыңдап жауап бересіңдер. Егер мен бақта өсетінді атайтын болсам, «иә» деп жауап бересіңдер, ал егер бақшада өспейтін болса, «жоқ» деп жауап бересіңдер. Кім қате жіберсе, сол ұтылады».<br>- Сәбіз. (Иә!)<br>- Кияр. (Иә!)<br>- Қызылша. (Иә!)<br>- Өрік. (Жоқ!)<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Еңбек әрекеті. Бақшада өсірілген көгөністердің орнын тазалау.<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>"Тым-тырақай" ойыны. | бірде салқын,<br>Жер мен көк жалтыраған сап-сары алтын<br>Ағашта жапырақтар сылдырлайды,<br>Төгілген алтын теңге сансыз жалқын.<br>Сары алтын батсайыдай дала мидай,<br>Үйілген мая-мая қызыл мидай<br>Қырманда қызыл алтын, қызыл маржан,<br>Жайнайды жаратылысберген сыйдай.<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Экология. Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен таныстыру; үнемділікке баулу.<br>"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) | Тәжірибенің мақсат-міндеттері: болашақ егін үшін арамшөптердің рөлін эксперименталды түрде көрсету.<br>Эксперименттің барысы: балабақшаны жүйелі түрде арамшөптермен тазарту арқылы балалар бір егіннің кішкене учаскесіне қол тигізбейді. Біраз уақыттан кейін олар арамшөптердің мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсетініне сенімді болады. Соңғысы, жарықтың жетіспеушілігінен зардап шегеді, өсуден айтарлықтай артта қалып, жұқа, әлсіз болады. Себілген тұқымдарды көру үшін оларды шөптен ұзақ іздеу керек.<br>"Бақшашылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністерді бірлесіп жинауларын ұйымдастыру.<br>Ойын ережесі: | кешке күн төменірек болады, сондықтан ол онша ыстық емес.<br>Күннің шығатын және бататын уақыттарын бақылап отырыңдар. Күн бататын жерді белгілеңдер.<br>Болжам.<br>- Күн көзі күз айларында бұлттанып батса жаңбыр болады.<br>- Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады.<br>- Күн құлақтанып батса, ауа райы жылынуға бет алғаны.<br>Тәжірибе. "Күн сәулесі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттың жарығы мен бейнесін бірнеше рет қалай көрсетуге болатынын мысалмен көрсету керек (оны көрінбейтін жерде көру).<br>Эксперименттің барысы.<br>Күн шуақты күні балалар күнді "қоянға" қарайды. Оны қалай алуға болатынын талқылаңдар (айнадағы жарық шағылысы). Олар қабырғадағы «қоянға» күн түскен жерде басқа айна қойса не болатынын біледі (ол тағы бір рет шағылысады). Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек: бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Бақшадағы көгөністерді жинауға атсалысып, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау; дербестікке, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәірбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартына сай ойнауды баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. | Мақсат-міндеттері. Жалтарып жылдам жүгіруді, қимылдарды үйлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады.<br>Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады.<br>"Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды".<br>"Түлкі!" деген белгі естілген кезде "түлкі" інінен шығып, тауықтарға шабады, оларды ұстап алуға ұмтылады". "Тауық пен балапандар қораға қаша | тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру.<br>"Ақсақ үйрек" украин ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың секіру дағдысын, күш-жігерін, шыдамдылығын дамыту.<br>Аланда бір аяғымен жүру дағдысын жетілдіру, мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: "Күн шықты, ойын басталды"; ойын шарттарын сақтау (екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, | педагогтің сөздерінің дұрыс екеніне тәжірибе арқылы көз жеткізеді.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек: ағаштардан жерге түскен бұтақтарды жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>"Шымшықтың балапандары мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша алаңда жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдық пен ептілікті дамыту, табандылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "торғайлардың" рөлін сомдайды, санамақ арқылы "мысықты" таңдайды.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ұлттық ойындарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мұқият тыңдай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды:<br>Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды.<br>"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, "қақпаға"допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Еркін ойындар. | Ойын қайта басталады.<br>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: оң және сол қолымен 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықтан лақтыруды үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту.<br>Еркін ойын.<br>"Көгөністер дүкені".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көгөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мақтау; ойынға қызығушылықтарын қолдау және дамыту.<br>Көгөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту. | жөнеледі".<br>"Ұсталынды" деген баланы қолмен түртіп қалу керек. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды.<br>Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады. Басқа "түлкіні" ойнату үшін, санамақты қайта қолдану керек болады.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Белгіленген орындарға аттап секіру дағдысын дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерді жетілдіру. | жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады.<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Еңбек: бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бақшадағы көгөністерді жинауға атсалысып, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау; дербестікке, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>Еркін ойындар. | ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету.<br>Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету.<br>"Осындай бола ма, болмай ма?" дидактикалық ойыны. (таныс іс-әрекеті)<br>Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. Күзде қар жауа ма? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр?<br>"Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; щапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Еркін ойындар. | | |
| Серуеннен оралу | Серуеннен оралу кезінде<br>BilimKids дамытушы мультфильмін қосу<br>Жуыну әні (мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>https://bilimkids.kz/media/video/umyvaemsya-vmeste | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз.<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шыныға мыз ертемен,<br>Көңілді әуен сазымен,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дән саламын.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Гигиеналық дағдылар<br>«Үнемділік». Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті-қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгі ұйқы | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Аю мен маса» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) https://bilimkids.kz/media/video/ayu-men-masa (көркем әдебиет) | Әуен ырғағына қызығушылық танытады. Баяу әуенмен ұйықтату. (музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ғашық болған бай» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) https://bilimkids.kz/media/video/gasyq-bolgan-bai (көркем әдебиет) | Ертегінің желісіне қызығушылық танытады. "Күн астындағы Күнекей қыз" ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) | Ертегінің желісіне қызығушылық танытады. "Оқтауы бар түлкі" ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Майтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. Ұйқымнан тұрайын, Бетімді жуайын, Осылайша сақтайын, Тазалықты лайым. (дене тәрбиесі) | Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолды шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшық еттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркемсөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене тәрбиесі) | Баяу ойналатын музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады. Біртіндеп көтерілу (музыка ақырын ойнайды). Көркемсөз Қарсы ал ерте күн көзің, Төсегінді жина өзің. Саусағыңды сормағын, Олақ, салақ болмағын. Әдеп қыл ісінді, Тазалап жүр тісінді. Қарағанда айнаға, Ұқыпты болсын киімің. (дене тәрбиесі) | Балаларды көңілдендіру. Көркемсөз Ұйқымыздан тұрайық, Көзімізді ашайық. Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! (дене тәрбиесі) | Төсек-орынды ретке келтіру: көрпе-жастықтың тысын ауыстыру. Көркемсөз Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. (дене тәрбиесі) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су сияқты факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Сауықтыру-шынықтыру шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. "Сауықтыру жолағымен жүру". | | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | Дидактикалық ойын. "Не артық?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар. Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады.<br>Қаржылық | Вариатив - Жас зерттеуші<br>"Үй жануарларының төлдері (күшік)"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасауға дағдыландыру; ақыл-ойын дамыту; баланың қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. | «Қаржылық сауаттылық». «Дүкен» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері: балаларда өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға ынталандыру. Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Материал: дүкенге арналған атрибуттар: ақша, тауарлардың бағалары, чектер, көгөністер мен жемістердің муляждары, ойыншықтар.<br>Барысы: 1-нұсқа. Балаларға дүкеннің атауын ойлап табу, дүкенде не сатылатыны | Дамытушы ойын. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)<br>"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту..<br>1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді.<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша". (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, | Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсең, сондай санды көрсет". (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың әркелкі орналасқан заттарды көзбен қарап, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар.<br>Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар.<br>Театрландырылған қойылым. "Шалқан" ертегісі. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сауапттылық. Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың "Азық-түлік" дүкені, сатушының қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалау. Сатушы мамандығы, еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Құралдар. Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, әртүрлі макарондар, қатты | Құралдар: суреттердің жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруді ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, | және дүкеннің ашылуы туралы жарнама ойластыру ұсынылады. Балалар жарнамалардың суретін салады және ұсынады. 2-нұсқа. Балаларға белгілі бір купюра беріледі және осы ақшаға дүкеннен қандай да бір тауар сатып алу тапсырылады. Балалар тауарларды таңдайды және бағасын есептейді. Дидактикалық ойын. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар). Мақсат-міндеттері. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту. Ертегі көрсету. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Алтын алма | шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшаның қызметі жөніндегі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс істейтін мамандардың құралдары: мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы. «Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру; әділетті ортада табысты даму амалдарымен таныстыру; | әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, еске сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шалқан" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, шалқанның нақпішіні. Педагог балаларға "Шалқан" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Авторды балалардың арасынан ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарады, олардың қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтсе, сақтаса, олар бұзылмайды. Тауарлар сапалы болады, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстануы тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. Қаржы және тауар алмасу нәтижесін, "пайда" ұғымын талқылауды ұсыну. | гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту және оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында"рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық | https://bilimkids.kz/media /video/altyn-alma Сюжетті-рөлдік ойын. "Қонақ күтеміз". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға "қонақты күту" ұғымы, "қонақ" пен "қонақ күтуші" (үй иесі) ұғымдарын түсіндіру; ойын барысында рөлдедерді игерту; қазақ халқының қонақты күту дәстүрі жайында білімдерін кеңейту; адамға, үлкенді құрметтеуді, сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ойын үшін жиһаздар, ойыншық кейіпкерлер немесе балалардың өздері рөлдерді сомдауы мүмкін; ойыншық ыдыстар мен тағамдардың жасанды пішіндері; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофон; әдемі қапталған сыйлықтар. | шыншылдыққа, қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу. Ережелердің балалардың жайлы, қауіпсіз, әділетті өмір сүруіне қажетті екенін түсіндіру; кейбір ережелер сақталмаған жағдайлардың балалардың қауіпсіз, жайлы, денсаулыққа пайдалы әрекет етуіне кедергі болатынына көз жеткізу, балалармен талқылау. Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы. Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады. Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану: балалардың әйгілі әнді бірігіп айту, бірігіп ойнау, көмекке | таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауларға ие болады. Қойылым соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне талдау жасатады. "Аналар мектебі". Еңбек: "Орындықтарды жуу". (еңбек, таным іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды, оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарға қоюды үйрету. Өз ісіне адал болуға, жауапкершілікке, ересектерге көмектесуге ынталандыру, еңбек нәтижесін құрметтеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орындарда тәртіпке бағыну. | | мұқтажды қолдау, тағы басқа амалдарды өздігінен, бірігіп табуға жағдай жасау. | |
| Балалармен жеке жұмыс | Күз мезгіліне тән ерекшеліктер туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу.<br>Рамазан Тышқанбаев "Жаңбыр".<br>Бұлттар,<br>Тұрмай ауа бер,<br>Жаңбыр бол да,<br>Жауа бер.<br><br>Жазыққа бар,<br>Тауға бар.<br>Бақшаға бар,<br>Бауға бар.<br>Белес-белес белге бар,<br>Сусап жатқан шөлге бар.<br><br>Әр тамшыңды үлессін,<br>Шалғын қаулап<br>Гүл өссін!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) | Дидактикалық ойын.<br>«Не артық?»<br>Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып, атауын дауыстап айтуды ұсынады. Жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы, алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда, орамжапырақ артық. Орамжапырақ көгөніс, қалғаны жемістер.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) | Артикуляциялық жаттығу.<br>Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау.<br>1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.<br>2) Ыр - ыр - ыр - ырылдайды қасқыр,<br>Р а- ра - ра - бал жинайды ара,<br>Мір - мір - мір - қап-қара көмір.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | «Дәл осындай пішінді тап».<br>Мақсат-міндеттерІ.<br>Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атау, ажырату, салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары.<br>Бала санына сәйкес құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны.<br>Алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу.<br>Ескен Елубаев "Күзде".<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толды астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Серуен | Қауіпсіздік. Мысықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: мысықтың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді); қоректенеді (етпен); қоршаған ортаны көз, мұрын, құлақ көмегімен сезе білетінін анықтау; сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Жануарларды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды түсіндіру.<br>Көркем сөз. "Мысық". Б. Соқпақбаев<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық.<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>бассалмақ болып,<br>Ыршыды мысық. | Қауіпсіздік. Бағдаршамды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға, бағдаршам, жол белгілерін білуге, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге ынталандыру.<br>Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипедке арналған жол) білуге ынталандыру.<br>Жұмбақ.<br>Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)<br>Балалар бағдаршамның үш түсі нені білдіретінін айтады; жолда тәртіптің қалай сақталатынын түсіндіреді.<br>"Бағдаршамның шамдары".<br>Мен қауіптен | Қауіпсіздік. Қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: қарға құсы туралы туралы білімді тиянақтау, бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қара түсті қарқылдақ,<br>Ұшып – қонып жалпылдап.<br>Қоқыстарды шоқиды,<br>Жем іздейді там – тұмдап. (Қарға)<br>Қарғаның балапанына аса мұқият, қамқорлықпен қарайтынын, адамның сөздеріне еліктеп, қайталай білу қабілеті туралы баяндау.<br>Қарғаның өте ақылды құс екенін бейнежазбадан көрсету (жаңғақты шағу, шөлмектен коректі алып шығу).<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру.<br>Мақсат-міндеттер: | Қауіпсіздік. Көліктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: көлік құралдарының түрлерін бекіту; көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау.<br>Ережені есте сақтау жаттығуы.<br>Жұмбақ жасыру.<br>"Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын:<br>"Токта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп | Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың өлі табиғат түрі, жел, туралы түсініктерді кеңейту; балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады.<br>Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.<br>"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жалт берді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп,<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару.<br>Мақсат-міндеттер: жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе | абайлаймын:<br>"Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог ойыншық машиналарды, ұсақ қуыршақтарды, бағдаршам макетін қолданып, көшені құрастыртып, ойынды ұсыну мүмкін.<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Еңбек әрекеті: жолдарды құм мен ұсақ қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: жұмысты таза, тиянақты орындау.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны "Бағдаршам". (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: байқампаздықты, зейінділікке тәрбиелеу, құрдастарымен қарым-қатынастарын талқылау.<br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы | еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ұлттық ойындарды ойнату; балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. | тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>«Өнегелі тәрбие».<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару.<br>Мақсат-міндеттер: жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»."Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында | жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару.<br>Мақсат-міндеттер: жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене |

